

Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге құжаттарды тауарлар декларациясы ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың 6-тармағының 3-тармақшасына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 186 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 105-бабының 6-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 263 шешімімен бекітілген Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды тауарлар декларациясы ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың 6-тармағының 3-тармақшасындағы "6-тармақтағы" деген сөздер "6 және 8-тармақтардағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович